

**Бекітілді**  
«Жасыл даму» АҚ  
Бас директорының  
2022 жылғы «01» ақпандағы  
№ 11 Қ бұйрығы

**Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) және оның (олардың) орамасының тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы**

## **ҮЛГІ ШАРТ**

**Нұр-Сұлтан қ.**

**«\_\_»\_\_20\_\_ жыл**

«Жасыл Даму» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген, Қазақстан Республикасының Үкіметі өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің Операторы деп айқындаған заңды тұлға, бұдан әрі Оператор деп аталатын, Бас директор атынан бір тараптан Жарғы негізінде әрекет ететін Самат Жанат Саматқызы және Қазақстан Республикасының аумағында өнім (тауарлар) тізбесіне сәйкес өнім (тауарлар) өндіруді және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға, бұдан әрі Өндіруші/Импорттаушы деп аталатын өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын (оларға) екінші тараптан бұдан әрі бірлесіп аталатын Тараптар төмендегілер туралы осы Шартты жасасты.

### **1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Шарт Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 389-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру қағидаларының (бұдан әрі –Қағидалар) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды және оның (олардың) орамасын жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы Өндіруші/Импорттаушының Оператормен шарт жасасуы бөлігіне сәйкес әзірленді және бекітілді.

### **2. Шарттың мәні**

2.1. Оператор өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген

міндеттемелері қолданылатын өнімнің<sup>2</sup> (тауарлардың) және оның (олардың) орамасының тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, ал Өндіруші/Импорттаушы оператордың ағымдағы (есептік) банктік шотына кәдеге жарату төлемін өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын мөлшерлерде, Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде енгізуге міндеттенеді.

### **3. Кәдеге жарату төлемі және оны енгізу тәртібі**

3.1. Кәдеге жарату төлемі Қағидаларға сәйкес уақыт кезеңінде қолданылатын коэффициенттер мен базалық мөлшерлемелерді ескере отырып, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін Кәдеге жарату төлемін есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) негізінде өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімдер (тауарлар) тізбесіне сәйкес өнімнің (тауардың) әрбір атауы бойынша есептеледі.

Кәдеге жарату төлемін Өндірушілер/Импорттаушылар Оператордың банктік шотына Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен төлейді. Банктік шот туралы ақпарат Оператордың интернет-ресурсында орналастырылады.

3.2 Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) және оның (олардың) орамасының тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы шарт жасалғаннан кейін Өндірушілердің/Импорттаушылардың кеңейтілген міндеттемелерді өткізуі мынадай міндетті кезеңдерді қамтиды:

кәдеге жарату төлемін енгізуге және кәдеге жарату төлемін енгізу туралы сертификат алуға өтінім (бұдан әрі – өтінім) Оператордың интернет-ресурсы арқылы немесе қағаз жеткізгіште беріледі.

Өндіруші (импорттаушы) Қағидаларға сәйкес өтінімге қоса берілетін құжаттардың түпнұсқалығына және оларда көрсетілетін мәліметтердің дұрыстығына кепілдік береді.

Электр қозғалтқышы бар автокөлік құралдарын қоспағанда, кәдеге жарату төлемінің мөлшерін есептеу үшін мөлшерлемелер және (немесе) коэффициенттер белгіленбеген тізбеде көзделген өнімге қатысты өтінім берілмейді.

1) Оператор өтінімді қоса берілген құжаттармен қарайды және өтінім беруші ұсынған деректердің негізінде әдістемеге сәйкес кәдеге жарату төлемінің мөлшері есептеледі және өндіруші (импорттаушы) өтінім берген кезден бастап үш жұмыс күні ішінде кәдеге жарату төлемін енгізуге электрондық түрде және (немесе) қағаз жеткізгіште шот қойылады.

Өндірушілер (импорттаушылар) өтінімге құжаттар топтамасын толық

ұсынбаған жағдайда, осы өтінім қабылданбауға жатады:

1) өндірушілер (импорттаушылар) кәдеге жарату төлемін Қағидаларда белгіленген мерзімдерде енгізеді;

2) кәдеге жарату төлемін есептік шотқа енгізген кезден бастап үш жұмыс күні ішінде оператор кәдеге жарату төлемін енгізу туралы Сертификат береді.

Оператор кәдеге жарату төлемін енгізу туралы сертификатты сот шешімінің, нотариустың Оператордың пайдасына төлемақы өндіріп алу туралы атқарушылық жазбасының немесе төлемақы енгізу қажеттігі туралы Оператордың хабарламасының негізінде Өндіруші/Импорттаушы Оператордың банктік шотына сот шешімінде көрсетілген мөлшерде кәдеге жарату төлемі түріндегі ақша енгізгеннен, Нотариустың атқарушылық жазбасын немесе оператордың хабарламасынан кейін бере алады.

Осы тармақтың екінші бөлігіне сәйкес кәдеге жарату төлемін енгізуді үшінші тұлға жүргізуі мүмкін.

3.3. Еркін кеден аймағының немесе еркін қойманың кедендік рәсіміне орналастырылған және еркін экономикалық аймақтың (бұдан әрі – ЕЭА) резиденттері (қатысушылары, субъектілері) автокөлік құралдары мен өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өндіру үшін шикізат және материалдар ретінде пайдаланылатын (пайдаланылатын) өнім үшін кәдеге жарату төлемі ЕЭА аумағында Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес еркін қоймалар иелерінің тізіліміне енгізілген ЕЭА аумағында қызметті жүзеге асыру (жүргізу) туралы келісімге (шартқа) сәйкес автокөлік құралдары мен өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өндіруші соңғы тауар үшін кәдеге жарату төлемі түрінде төлейді.

3.4. Өтінімге өнімдерді (тауарларды) Өндірушілер/Импорттаушылар Қағидаларда көрсетілген құжаттарды қоса беруге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес импорттаушылар көрсететін өтінімдегі мәліметтер олардың салық есептілігінде және тіркелген кедендік декларацияда көрсетілген мәліметтерге сәйкес келуі тиіс.

3.5. Өндірушілер / Импорттаушылар Қағидаларда белгіленген өтінімді қалыптастыру мерзімдерін сақтауға міндетті.

Кәдеге жарату төлемін Өндіруші /Импорттаушы ұсынған өтінімге оператор берген төлем шотының негізінде Өндіруші / Импорттаушы жүзеге асырады.

3.6. Өндірушілер / Импорттаушылар кәдеге жарату төлемін Қағидаларда белгіленген мерзімнен кешіктірмей төлеуге міндетті.

3.7. Өндірушінің/Импорттаушының келіп түскен өтінім бойынша кеңейтілген міндеттемелері кәдеге жарату төлемін Оператордың ағымдағы (есептік) банктік шотына толық көлемде енгізген кезден бастап орындалған болып есептеледі.

3.8. Өндіруші/Импорттаушы кәдеге жарату төлемін жүзеге асырған кезде соңғысы өнімнің (тауардың) Қазақстаннан экспортқа жатпайтынын және Қазақстан Республикасының ішкі нарығына арналғанын растайды.

3.9. Кәдеге жарату төлемін есептеу үшін қажетті деректерді айқындау мүмкін болмаған жағдайда, Оператор Өндірушілерден/Импорттаушылардан Қағидаларда көзделген құжаттарды сұратады. Сұратуды Оператор қалыптастырады және Өндіруші/Импорттаушы өтінімде көрсеткен деректерге сәйкес Өндірушіге/Импорттаушыға жіберіледі.

## 4.Тараптардың құқықтары мен міндеттері

### 4.1. Оператор:

4.1.1. Экологиялық кодекске және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген Оператордың қызметін дамыту стратегиясына сәйкес өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды Экологиялық кодекстің 388-бабына сәйкес бағыттар бойынша Өндірушіден/Импорттаушыдан кәдеге жарату төлемі түрінде түсетін ақшаны жұмсау жолымен ұйымдастыруды қамтамасыз етуге;

4.1.2. Өндірушіден / импорттаушыдан есептелген, төленген және түскен кәдеге жарату төлемінің есебін жүргізуге;

4.1.3. Қағидаларға сәйкес Артық төленген сомаларды алдағы төлемдер есебіне қайтару және (немесе) есепке алу қағидаларына сәйкес өндірушінің/импорттаушының қоса берілген растайтын құжаттары бар өтініші негізінде артық төленген сомаларды қайтаруды қамтамасыз етуге;

4.1.4. Өндірушілердің / импорттаушылардың электрондық дерекқорын қалыптастыруға, оларға Өндіруші/Импорттаушы туралы деректерді енгізуге және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес оларды өзектендіруге;

4.1.5. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес іс жүргізу қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыретіне жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар іс-әрекеттер анықталған кезде, осындай құқық бұзушылықтар бойынша қолда бар материалдарды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға беруге;

4.1.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

### 4.1.Оператор:

4.1.1. кәдеге жарату төлемін жинауды жүзеге асыруға және оны Өндірушінің / Импорттаушының есептеуінің дұрыстығын тексеруге;

4.1.2. Өндірушінің / ипорттаушының осы Шарттың талаптарын және Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелерін орындауын бақылауға және олардың орындалуын талап етуге;

4.1.3. осы Шарттың және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындамаған атқарушылық жазбаға арналған шығындарды, сот шығындарын (мемлекеттік баж және өкілдік шығыстар) қоса алғанда, бірақ шектелмей, берешекті өндіріп алу кезінде жұмсалған Оператордың шығындарын, оның ішінде тұрақсыздық айыбын толық көлемде өндіріп алуға;

4.1.4. кәдеге жарату төлемін есептеу үшін Өндірушіден / Импорттаушыдан Қағидаларда көзделген құжаттарды сұратуға құқығы бар;

4.1.5. Оператордың осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құқықтартары бар.

### **Өндіруші / Импорттаушы:**

4.1.1. операторға ұсынылған өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда көрсетілген деректердің толықтығы мен анықтығына кепілдік беру және қамтамасыз етуге;

4.1.2. Қағидаларда көзделген мерзімдерде растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өтінімді қалыптастыруға және операторға ұсынуға;

4.1.3. Операторға өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнім (тауарлар) тізбесіне сәйкес Әдістемеде және Қағидаларда көзделген мөлшерде және мерзімде өнімге (тауарларға) қатысты кәдеге жарату төлемін енгізуге;

4.1.4. өнімді (тауарды) өткізу кезінде түпкі сатып алушыға кәдеге жарату төлемін енгізу туралы сертификатты беруді қамтамасыз етуге;

4.1.5. тұрақсыздық айыбын төлеу және берешекті өндіріп алу кезінде келтірілген шығындарды, оның ішінде, бірақ шектелмей, атқарушылық жазбаға арналған шығындарды, сот шығындарын (мемлекеттік баж және өкілдік шығыстар) Операторға толық көлемде өтеуге;

4.1.6. Оператордың сайтында тіркелу және өзекті деректемелерді (атауы, бизнес/жеке сәйкестендіру нөмірі, мекенжайы, банк шоттары, байланыс телефондары) жеке кабинетке енгізу және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы немесе тіркеу туралы хабарламаны не жеке кәсіпкердің талонын/куәлігін қоса беруге;

4.1.6. өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге таралатын өнімді (тауарларды) өз бетінше әкеткен жағдайда растайтын құжаттарды Операторға хабарлауға және ұсынуға;

4.1.7. осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

### **4.2. Өндіруші / Импорттаушы:**

4.2.1. Экологиялық кодексте, Қағидаларда, сондай-ақ Ақша қаражатын қайтару және (немесе) есепке жатқызу қағидаларында көзделген шарттар мен мерзімдерге сәйкес артық төленген сомалар расталған жағдайда, кәдеге жарату төлемінің артық төленген сомасын қайтару және (немесе) осындай соманы болашақ төлемдер есебіне есепке жатқызу үшін Операторға жүгінуге;

4.2.2. кәдеге жарату төлемін төлегеннен кейін кәдеге жарату төлемін енгізу туралы сертификат алуға құқығы бар;

4.2.3. Өндірушінің / Импорттаушының осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құқықтары бар.

### **5.1. Тараптардың жауапкершілігі**

5.1.1. Өтінімді қалыптастыру және (немесе) кәдеге жарату төлемін енгізу мерзімдері бұзылған, Өндіруші/Импорттаушы өтінімде және (немесе) осындай өтінімге қоса берілетін құжаттарда толық емес немесе анық емес деректерді көрсеткен, кәдеге жарату төлемін төлеуден немесе толық емес соманы төлеуден жалтарған жағдайда, сондай-ақ Өндірушіге/ Импорттаушыға Қазақстан Республикасының заңнамасында жүктелген өзге де міндеттемелерді бұзғаны үшін Өндіруші/Импорттаушы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.

5.1.2. Оператордың банктік шотына кәдеге жарату төлемін енгізу жөніндегі міндеттемені орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Оператор өндіріп алуға құқылы, ал Өндіруші/Импорттаушы сот актісі шығарылған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық ставкасын негізге ала отырып, орындалмаған не тиісінше орындалмаған міндеттеме сомасына пайызбен тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

5.1.3. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторымен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру қағидаларына сәйкес өтінім бермеген өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы шарт жасаспаған, сондай-ақ өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін оператордың банктік шотына ақшаны кәдеге жарату төлемі түрінде уақтылы енгізбеген немесе енгізбеген өндірушілер (импорттаушылар) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

## **6. Дербес деректер**

6.1. Осы шартты жасасу арқылы не Өндірушінің/Импорттаушының өтінімді жіберуі не осы Шартқа сәйкес операторға кәдеге жарату төлемін енгізуі арқылы өндіруші/импорттаушы операторға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинау және өңдеу құқығын беруге өзінің келісімін растайды.

## **7. Форс-мажорлық жағдайлар**

7.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер ол тарап дүлей зілзалалар, саяси толқулар, әскери іс-қимылдар, мемлекеттік органдардың актілер шығаруы және т.б. сияқты барлық қолжетімді тәсілдермен болжай алмаған және алдын ала алмаған төтенше сипаттағы оқиғалар нәтижесінде туындаған еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады.

7.2. Еңсерілмес күш мән - жайлары (форс-мажор) туындаған жағдайда шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдарлары қолданылатын уақытқа мөлшерлес кейінге шегеріледі.

7.3. Еңсерілмес күш (форс-мажор) мән-жайларының әрекетіне түскен Өндіруші/Импорттаушы 10 тәулік ішінде Операторды осындай мән-жайлар әрекетінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы жазбаша түрде хабардар етуі және осындай еңсерілмес күш (форс-мажор) мән-жайларының болуын растайтын, Оператор үшін қолайлы құжаттарды және өзге де ақпаратты ұсынуы тиіс.

7.4. Еңсерілмес күш мән-жайларының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Оператор осындай мән-жайлардың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы тиісті хабарламаны өзінің интернет-ресурсында жариялауға тиіс. Өндірушінің/Импорттаушының еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайлары әрекетінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы қандай да бір өзге қосымша жазбаша хабарламасы талап етілмейді.

7.5. Форс-мажорлық мән-жайдың басталуы Тараптарды осындай

мән-жай басталғанға дейін туындаған өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды. Егер еңсерілмес күш (форс-мажор) мән-жайлары екі айдан астам уақытқа созылса, Тараптар осы Шартты орындаудың қолайлы балама тәсілдерін анықтау үшін қосымша келіссөздер жүргізеді.

### **8. Шарттың қолданылу мерзімі**

8.1. Шарт оған екі Тарап қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

8.2. Шарт оған өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімді (тауарларды) және оның (олардың) орамасын әкелген немесе өндірген кезден бастап Өндіруші/Импорттаушы өзінің интернет-ресурсында орналастыру арқылы Оператор қол қойған жағдайда жасалған болып есептеледі.

8.3 Шарт күнтізбелік бір жылға жасалады.

8.4. Шарттың қолданылу мерзімі, егер Тараптардың ешқайсысы оның тоқтатылғаны туралы жыл аяқталғанға дейін кемінде күнтізбелік 30 күн бұрын жазбаша нысанда мәлімдемесе, келесі жылға автоматты түрде ұзартылады.

8.5. Шартты тоқтату немесе бұзу Тараптарды оның талаптарын бұзғаны үшін жауапкершіліктен және оның қолданылу кезеңінде туындаған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8.6. Шарттың талаптары 2022 жылғы 19 қаңтардан бастап Оператор мен Өндіруші/Импорттаушы арасында туындаған қатынастарға қолданылады.

### **9. Дауларды шешу**

9.1. Міндеттемелерді орындауға байланысты дауларды Тараптар келіссөздер жолымен, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда – Оператордың тіркелген жері бойынша сот тәртібімен шешеді.

### **10. Күпиялылық**

10.1. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде оны іске асыру жөніндегі жұмысқа қатысты барлық құжаттар, ақпарат және есептер бойынша күпиялылық талаптарын сақтайды.

11.2. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың жазбаша келісімін алмастан, Шарттың мазмұнына қатысты ақпаратты немесе күпия деп есептелетін және осы Шарттың ережелерін іске асыруға байланысты мынадай:

1) Ақпарат сот талқылауы барысында пайдаланылған кезде;

2) осындай үшінші тұлға осындай ақпараттың күпиялылық талаптарын сақтау және оны Тараптар белгілеген мақсаттарда және Тараптар айқындаған мерзімде ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, ақпарат шарт бойынша Тараптардың бірінің қызметтер көрсететін үшінші тұлғаларына ұсынылған кезде;

3) осындай банк немесе қаржы ұйымы осындай ақпараттың күпиялылық шарттарын сақтау міндеттемесін өзіне алған жағдайда, ақпарат банкке немесе Тарап қаржы қаражатын алатын өзге қаржы ұйымына берілген кезде;

4) Ақпарат қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға, кез келген ақпаратқа, оның ішінде Өндірушінің кез келген банктік шоттарына қатысты, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі шетелдік банктерде ашылған банктік күпия болып табылатын Қазақстан Республикасының салық немесе өзге де уәкілетті мемлекеттік органдарына

5) өзін-өзі реттейтін ұйымдар мен дара кәсіпкерлердің және (немесе) заңды тұлғалардың бірлестіктеріне қолданылмайды;

б) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда, оның ішінде оператор өз міндеттемелерін орындаған кезде өзге де ақпаратты ашуға құқылы емес.

### **11. Басқа шарттар**

11.1. Осы Шартпен реттелмеген Тараптардың өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

11.2. Осы Шарт бірдей заңды күші бар қазақ және орыс тілдерінде екі данада, әрбір Тарап үшін бір данадан жасалды.

11.3. Атауы, заңды және (немесе) пошталық мекенжайлары, банктік және өзге де деректемелері өзгерген кезде Өндіруші/Импорттаушы Операторға растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын хабарламаны (мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің және (немесе) тіркеуші органға жіберілетін орналасқан жерінің өзгергені туралы хабарламаның куәландырылған көшірмелерін қоса алып, бірақ олармен шектелмей) жіберуге міндетті.

Оператор тарапынан атауының, заңды және (немесе) пошталық мекенжайларының, банктік және өзге де деректемелерінің өзгеруі туралы хабарлама Оператордың интернет - ресурсында ақпарат орналастырылған кезден бастап орындалған болып есептеледі.

11.4. Оператор осы Шарттың талаптарын біржақты тәртіппен өзгерте алады. Оператор осы Шартты өзгертілген түрде Оператордың интернет-ресурсында орналастырады және ол орналастырылған кезден бастап құқықтық қатынастарға қолданылады.

11.5. Шарт талаптары Қағидаларға сәйкес келмеген жағдайда, өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындау үшін Қағидалар басым болып танылады.



## 12. Тараптардың заңды мекенжайлары мен қолдары

### Оператор

«Жасыл даму» АҚ

Мекенжайы: Z05P8D2, Қазақстан Республикасы,  
Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғ.30  
БСН 040340008429

Тел.: 8(7172) 64-81-00  
e-mail: info@recycle.kz

### Бас директор

\_\_\_\_\_ **Ж. Сағат**  
М.О.

### Өндіруші/Импорттаушы

Атауы/Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

Заңды мекенжайы: \_\_\_\_\_

Нақты мекен-жайы (егер заңды мекен-жайға сәйкес  
келмесе )

БСН/ЖСН \_\_\_\_\_

БИК \_\_\_\_\_

Банк «\_\_\_\_\_» АҚ р/с \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_/\_\_\_\_\_ М.О.

*Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) және оның (олардың) орамасының тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы үлгі шартқа №1 қосымша*

### Өтінім

Өндіруші/Импорттаушының деректері:

БСН:

Қала:

Мекенжайы:

Байланыс телефоны:

Өтінімнің жалпы сомасы:

Өндірілетін / импортталатын тауарлар:

№ р/с	СЭКТН өнімінің коды (тауар)	Өнімнің (тауардың) импорты/ өндірісі күні	Шот- фактура/ ЖКД нөмірі	Ш/ф/ ЖКД күні	Өнімнің (тауардың) салмағы, кг	Өнім (тауар) үшін кәдеге жарату төлемінің сомасы, тг.	СЭКТН қаптамасының коды	Қаптаманың салмағы, кг.	Қаптаманы кәдеге жарату төлемі, тг.

Осы өтінімге қол қоя отырып, Өтінім беруші оған қол қою жөніндегі өз өкілеттіктерін, сондай-ақ кәдеге жарату төлемін есептеуді жүзеге асыру үшін берілген мәліметтердің анықтығы мен толықтығын растайды және ол [www.recycle.kz](http://www.recycle.kz) сайтта орналастырылған «Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімдердің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды және оның (олардың) орамаларын жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы» үлгі шартпен танысқанын, оның мазмұнын түсінгенін және онымен толық келісетінін растайды, сонымен қатар онда көрсетілген шарттар бойынша оның қорытындысын растайды.

Өтінім беруші өтінімнің мазмұнын толық тексерді және сол арқылы оның берілген деректер мен құжаттар негізінде дұрыс толтырылғанын және оларға толық сәйкес келетінін куәландырады.

\_\_\_\_\_ (өндірушінің/импорттаушының атауы)

ҚҰЖАТТЫ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ДЕРЕКТЕР:

ҚҰЖАТТЫҢ ҚОЛТАҢБАСЫН ТЕКСЕРУ:

ЭЦҚ ДЕРЕКТЕРІ:

ҚОЛ ҚОЮ КҮНІ МЕН УАҚЫТЫ:

*Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) және оның (олардың) орамасының тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы үлгі шартқа №2 қосымша*

### Өтінім

Өндіруші/Импорттаушының деректері:

БСН:

Қала:

Мекенжайы:

Байланыс телефоны:

Өтінімнің жалпы сомасы:

Өндірілетін / импортталатын тауарлар:

№	Көлемі / салмағы / қуаты	VIN коды немесе нөмірі	Өндіріс жылы	Өндіріс елі	Өндіріс күні (импорт)	ТЕ санаты	Төлем мөлшері, теңге

Осы өтінімге қол қоя отырып, Өтінім беруші оған қол қою жөніндегі өз өкілеттіктерін, сондай-ақ кәдеге жарату төлемін есептеуді жүзеге асыру үшін берілген мәліметтердің анықтығы мен толықтығын растайды және ол [www.recycle.kz](http://www.recycle.kz) сайтта орналастырылған «Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімдердің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды және оның (олардың) орамаларын жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы» үлгі шартпен танысқанын, оның мазмұнын түсінгенін және онымен толық келісетінін растайды, сонымен қатар онда көрсетілген шарттар бойынша оның қорытындысын растайды.

Өтінім беруші өтінімнің мазмұнын толық тексерді және сол арқылы оның берілген деректер мен құжаттар негізінде дұрыс толтырылғанын және оларға толық сәйкес келетінін куәландырады.

\_\_\_\_\_ (өндірушінің/импорттаушының атауы)